

Пайдаланушины авиаациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қазандығы № 1024 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 желтоқсанда № 12511 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиаация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабы 1-тармағының 41-32) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.10.2024 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Пайдаланушины авиаациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиаация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электронды түрде жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бүйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4 Осы бүйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2015 жылғы 16 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 26 қараша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің

2015 жылғы 30 қазандығы

№ 1024 бұйрығымен

бекітілген

Пайдалануышыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.10.2024 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пайдалануышыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 14-бабы 1-тармағының 41-32) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер зан) Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және пайдалануышыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру және "Авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

2) авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған қуәлік – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген, пайдаланушының авиациялық жұмыстарға жіберілуін қуәландыратын, белгіленген нысандағы құжат;

3) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға.

3. Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларға авиациялық жұмыстарға рұқсат беруді "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттық талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 153 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11459 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттық талаптарына (бұдан әрі – сертификаттық талаптар) пайдаланушы сәйкес болған жағдайда уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

Отініш берушінің қалауы бойынша мынадай өзгерістер енгізіледі:

куәлікке және/немесе тиісті пайдалану ерекшеліктеріне;

пайдалану ерекшеліктерінің А және/немесе В бөліктегінен бастап 38 (отыз сегіз) жұмыс күнін құрайды.

4. Пайдаланушиның авиациялық жұмыстарға рұқсатын алуға отінімді қараудың жалпы мерзімі ол тіркелген күннен бастап 38 (отыз сегіз) жұмыс күнін құрайды.

Осы мерзім 2-денгейдегі анықталған сәйкесіздіктерді жою үшін қажетті, бірақ осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Өзгерістер енгізуіндегі мерзімі:

куәлікке және/немесе онымен байланысты пайдалану ерекшеліктеріне пайдаланушиның атауы, заңды тұлғаның ұйымдық -құқықтық нысаны, заңды мекенжайы, ведомстволық тиесілігі өзгерген кезде –10 жұмыс күнін;

пайдалану ерекшеліктерінің А және В бөліктегінен бастап 38 (отыз сегіз) жұмыс күнін құрайды;

пайдалану ерекшеліктерінің А және В бөліктегінен бастап 38 (отыз сегіз) жұмыс күнін құрайды;

пайдалану ерекшеліктерінің В бөлігіне авиациялық жұмыс түрлерін енгізу – 20 жұмыс күнін;

пайдалану ерекшеліктерінің А және/немесе В бөліктегінен бастап 38 (отыз сегіз) жұмыс күнін құрайды;

5. Куәлік мерзімсіз болып табылатын жеңіл және аса жеңіл авиация пайдаланушыларын қоспағанда, куәлік үш жыл мерзімге беріледі.

Куәлік басқа тұлғаға берілуге жатпайды.

6. Авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлік беру үшін "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндеттін атқарушының 2023 жылғы 24

наурыздағы № 177 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32120 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларымен айқындалған тәртіппен төлем алынады.

Төлемақы мөлшерлемесі "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32089 болып тіркелген) (бұдан әрі – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелері) бекітілген Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерімен айқындалады.

Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушины сертификаттау уәкілетті ұйымның бюджетіне төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

2-тарау. Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру тәртібі

1-параграф. Өтінім мен құжаттарды беру

7. "Авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш беруші "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы уәкілетті ұйымға пайдаланушының авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат алуына электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттар топтамасын жібереді.

8. Өтініш беруші барлық қажетті электрондық құжаттарды портал арқылы берген кезде-өтініш берушінің "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

9. Уәкілетті ұйым құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері портал арқылы жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, білімі, авиация персоналының куәлігі, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлік, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, ұшуға жарамдылық сертификаты, әуе кемесінің шуыл бойынша сертификаты, радиотаратқыш аппаратураны пайдалануға рұқсаттарын үәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Уәкілетті ұйым электрондық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды өтініш берушіден талап етуге жол берілмейді.

10. Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, уәкілетті ұйым екі жұмыс күн ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйым өтінімді қабылдауды жүзеге асырады.

2-параграф. Құжаттаманы тексеру

11. Уәкілетті ұйым өтінім беруші ұсынған құжаттарды және ақпараттарды осы Қағидалардың сәйкестігіне 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

12. Құжаттар Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағының талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті ұйым сертификаттық зерттең-қарауды кезеңіне көшеді.

3-параграф. Сертификаттық зерттең-қарау

13. Уәкілетті ұйым 2 (екі) жұмыс күні ішінде сертификаттық зерттең-қарауды жүргізу үшін комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады, оның құрамына уәкілетті ұйымның авиация инспекторлары кіреді.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды, кемінде 3 (үш) адам.

Комиссия төрағасы комиссияның құрамына кіретін уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторларының арасынан тағайындалады.

14. Комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде авиациялық инспекторлар үшін Уәкілетті ұйым бекіткен Нұсқаулық материалды пайдалана отырып, өтініш берушінің

пайдаланушыларға қойылатын сертификаттық талаптарға сәйкестігіне сертификаттық тексеруді жүзеге асырады.

15. Сертификаттық зерттеп-қараудың нәтижелері бойынша өтініш беруші объектілерінің нақты жай-күйі, ұсынымдары және пайдаланушины авиациялық жұмыстарға рұқсат беру мүмкіндігі (мүмкіндігі жоқ) туралы қорытындылары көрсетіле отырып, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сертификаттық тексеру акті (бұдан әрі – акт) еki данада жасалады.

Акт жобасы комиссия мүшелерінің талқылауына ұсынылады.

Мазмұнымен келіскең жағдайда актіге комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Мазмұны бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда акт комиссия төрағасы ұсынған редакцияда жасалады. Актінің мазмұнымен келіспеген комиссия мүшесі арнайы пікірін жазбаша түрде береді.

Ерекше пікірде келіспеушіліктердің нақты себептері мен олардың негіздемесі, сондай-ақ ұсынылған тұжырымдар көрсетіледі. Ерекше пікірлерді комиссия мүшелері міндетті түрде хаттама жасай отырып қарайды.

Егер қарau нәтижесінде ерекше пікір актіде ескерілмесе, оны ұсынған комиссия мүшесі "Ерекше пікірмен" деген белгісі бар актіге қол қояды.

Комиссия төрағасы мен мүшелері қол қойған акт пайдаланушиға танысу және қол қою үшін ұсынылады.

16. Сертификаттық зерттеп-қарау кезінде анықталған сертификаттау талаптарына сәйкесіздіктер үш деңгейге бөлінеді:

1) 1-денгей – қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттау талаптарына сәйкесіздіктер;

2) 2-денгей – уәкілетті ұйымға келісілген мерзімде оларды жойған немесе шектеулер енгізілген жағдайда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкесіздіктер;

3) 3-денгей – қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде жоюға жататын сертификаттау талаптарына сәйкесіздіктер.

3-денгейдің сертификаттау талаптарына сәйкесіздік кезінде түзету іс-қимылдарының жоспары талап етілмейді.

Сертификаттық зерттеп-қарау кезінде пайдаланушиның 2-денгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкесіздігі анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым анықталған сәйкесіздікті жою үшін, ол анықталған сәттен бастап үш айдан аспайтын мерзімге, өз кезегінде, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі анықталған сәйкесіздікті жоюға қойылған мерзімге ұзартылады.

Өтініш беруші актіге қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күніндік мерзімде оларды жою жөніндегі түзету іс-қимылдарының жоспарын (бұдан әрі – жоспар)

ұсынады. Өтініш берушімен ұсынылған анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды бағалау негізінде жоспар уәкілетті үйыммен келісіледі немесе негіздемесімен қоса пысықтауға қайтарылады.

Жоспарда көрсетілген мерзімді өтініш беруші өзгерту қажеттігі туралы негіздемені ұсынған жағдайда оны уәкілетті үйыммен ұзартылады.

17. Уәкілетті үйым тексеру немесе бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу арқылы өтініш берушінің жоспарды ұсынуын және (немесе) жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдарының орындалуын бақылайды.

Өтініш берушімен қолайлы жоспары ұсынылмаса немесе уәкілетті үйыммен келісілген мерзімдерде түзету іс-қимылдары орындалмаса, 2-денгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздік 1-денгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздікке айналады, және уәкілетті үйым авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған күәлікті беруден бас тартады.

18. 1-денгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер өтініш берушінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктері негізге алына отырып, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өтініш берушінің қабілетсіздігімен сипатталады.

1-денгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйым күәлік беруден бас тартады не өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жойған кезге дейін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен күәліктің қолданысын шектейді.

4-параграф. Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру (руқсат беруден бас тарту)

19. Сертификаттық тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті үйым 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде:

1) 1 және 2 деңгейлерде сәйкессіздіктер болмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша күәлікті ресімдейді;

3-денгейдегі сәйкессіздік күәлік беруге кедергі болып табылмайды;

2) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті үйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тындауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тындау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тындау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тындау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не осы Қағидаларға 5-қосымшасына сәйкес нысан мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Мемлекеттік қызметтің нәтижесі уәкілетті органның уәкілетті тұлғасымен ЭЦК қойылған электрондық құжат нысанында қызмет алушыға "жеке кабинет" жіберіледі.

20. Уәкілетті үйым "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізуді қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

3-тарау. Өзгерістер енгізу тәртібі

21. Куәлікке өзгерістер:

- 1) пайдаланушының өтінімі бойынша;
- 2) пайдаланушыға жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті үйымға шешімі бойынша енгізіледі.

22. Пайдаланушының атауы, заңды тұлғаның үйымдық-құқықтық нысаны, заңды мекенжайы, ведомствоның тиесілігі өзгерген жағдайда, пайдаланушы уәкілетті үйымға портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес куәлікке және/немесе пайдалану ерекшеліктеріне өзгерістер енгізуге ЭЦК қойылған өтінімді және мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын жолдайды.

23. Пайдаланушы пайдаланудағымен бір үлгідегі әуе кемесін меншігіне, экипажсыз жалға алған жағдайда, пайдаланушы уәкілетті үйымға портал арқылы пайдаланушы ерекшеліктерінің А және В бөліктеріне өзгерістер енгізу мақсатында осы Қағидаларға 1 -қосымшага сәйкес нысан бойынша ЭЦК қойылған өтінішті және мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жолдайды.

Уәкілетті үйым ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді қарайды және пайдалану ерекшеліктерінің А және В бөліктеріне тиісті өзгерістер енгізеді.

24. Пайдалануши бұрын өзі пайдаланбаған басқа үлгідегі әуе кемелерін меншікке алған, экипажсыз жалға алған жағдайда, пайдалануши уәкілетті ұйымға портал арқылы пайдалануши ерекшеліктерінің А және В бөліктеріне өзгерістер енгізу мақсатында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЭЦҚ қойылған өтінішті және мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жолдайды.

Уәкілетті ұйым ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді қарайды, сонымен қатар енгізілетін өзгерістерге қатысты тексеріс жүргізіп, нәтижесінде пайдалану ерекшеліктерінің А және В бөліктеріне тиісті өзгерістер енгізеді.

Тексеру бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

25. Авиациялық жұмыстардың жаңа түрлерін орындау ниеті болған жағдайда пайдалануши уәкілетті ұйымға портал арқылы пайдалануши ерекшеліктерінің В бөлігіне өзгерістер енгізу мақсатында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЭЦҚ қойылған өтінішті және мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жолдайды.

Уәкілетті ұйым ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді қарайды, сонымен қатар енгізілетін өзгерістерге қатысты тексеріс немесе қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізіп, нәтижесінде пайдалану ерекшеліктерінің А және В бөліктеріне тиісті өзгерістер енгізеді.

Тексеру бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

26. Жеке басын қуәландыратын құжаттар туралы, білімі, авиация персоналдының қуәлігі, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған қуәлік, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, ұшуға жарамдылық сертификаты, әуе кемесінің шуыл бойынша сертификаты, радиотаратқыш аппаратураны пайдалануға рұқсаттарын уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Өтініш беруші, егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын қупияны құрайтын мәліметтерді мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде пайдалануға келіседі.

27. Әуе кемесін және/немесе әуе жұмысының түрін алып тастау ниеті болған жағдайда пайдалануши уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЭЦҚ қойылған өтінішті жолдайды.

Уәкілетті ұйым берілген өтінімді қарайды және пайдалану ерекшеліктерінің А және /немесе В бөліктеріне өзгерістер енгізеді.

28. Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеле сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, уәкілетті ұйым екі жұмыс күн ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, уәкілетті үйым өтінімді қабылдауды жүзеге асырады.

29. Уәкілетті үйым осы Қағидалардың 21-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша күелікке және/немесе пайдалану ерекшеліктеріне өзгерістер енгізуден бас тартады.

Бас тарту қайта өтініш беруге кедергі жасамайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті үйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не осы Қағидаларға 5-қосымшасына сәйкес нысан мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Мемлекеттік қызметтің нәтижесі уәкілетті үйымның уәкілетті тұлғасымен ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

4-тaraу. Авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған күеліктің қолданылуын тоқтата түру және қайтарып алу тәртібі

30. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйым Заңның 16-3-бабының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ:

- 1) сертификаттау талаптарын орындаған;
- 2) міндетті сақтандыру түрлері туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етпеген;
- 3) инспекциялық тексеру кезінде, оның ішінде шет мемлекеттерде тексеру кезінде белгілі болған ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін бұзушылықтар анықталған жағдайларда;
- 4) пайдаланушының жазбаша өтініші болған жағдайларда күеліктің қолданылуын толық немесе жартылай шектейді, тоқтата түрады.

31. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйым авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған күелікті мынадай жағдайларда:

- 1) ұсынылған құжаттарды бұрмалау арқылы пайдаланушының авиациялық жұмыстарды орындау құқығына күелік алған, сертификаттау талаптарына сәйкестігін қолдаған кезде;

2) авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған күелікті заңсыз пайдалану немесе заңға қайшы әрекеттер жасау;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің шегінен тыс жерде орындалған тұрақты емес халықаралық ұшудың құні мен мақсаты туралы хабарламау немесе хабарламада анық емес ақпарат ұсыну;

4) Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің шегінен тыс тұрақты емес ұшуларды орындайтын азаматтық әуе кемесін пайдаланушының бас кеңесі Қазақстан Республикасының аумағында орналаспаса және ұйымның қызметі мен операцияларын бағыттауға, бақылауға және үйлестіруге әсер ететін операциялық-қаржылық шешімдер құзыретті мемлекеттік органдардың тексеруі үшін қол жетімді болмаса;

5) егер өтініш берушіге қатысты соттың заңды күшіне енген, оған осы қызмет түрін көрсетуге тыйым салатын шешімі болған кезде;

6) пайдаланушының жазбаша өтініші;

7) жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерін пайдаланушыларға күеліктің қолданылуы үш жылдан астам мерзімге тоқтатыла тұрған жағдайда кері қайтарып алады.

32. Осы Қағидалардың 29-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, уәкілетті ұйым пайдаланушының анықталған бұзушылықтарды жою сәтіне дейін тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсаттамасының қолданылуын тоқтата тұрады.

Егер пайдаланущы жоспармен белгіленген мерзімде пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсаттамасының қолданылуын тоқтата тұруға әкелген бұзушылықтарды жоймаса, уәкілетті ұйым пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсаттаманы қайтарып алады. Пайдаланушыны күелік қайтарып алу кезінде пайдаланущы уәкілетті ұйымға күелік қайтарып алу туралы хабарламаны алған сәттен бастап күеліктің түпнұсқасын 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады.

Күелік, оның қолданысын тоқтата тұру жағдайда, қолданылуын қайта қалпына келтіруді, уәкілетті ұйымға, пайдаланушының белгіленген мерзімдерде жоспарды орындау және тексеру жүргізгеннен кейін жүзеге асырады.

33. Күеліктің қолданысын қалпына келтіру немесе қалпына келтіруден бас тарту жөніндегі шешімді уәкілетті ұйымға тексеру аяқталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде пайдаланушыға жазбаша нысанда хабарлайды.

34. Күеліктің қолданысы тоқтатыла тұрған немесе ол қайтарылып алынған жағдайда уәкілетті ұйым қабылданған шешім туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде пайдаланушыны және әуе қозғалысына қызмет көрсету органын хабардар етеді.

Күеліктің қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда уәкілетті ұйым "азаматтарға арналған үкімет" порталына ақпаратты енгізеді.

5-тaraу. Шагымдану тәртібі

35. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актінің әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

36. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің шағымы:

1) уәкілетті ұйымның шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

37. Шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізген;

2) қосымша ақпарат алған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

